

5) балаларды сауықтыру үйымдарының өрт қауіпсіздігін, балалардың сауығу демалысы, бос уақыты мен жұмыспен қамтылуы кезінде судағы балалардың өмірі мен денсаулығы қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдасын;

6) балаларды патриоттық, белсенді азаматтық тұрғыда тәрбиелеу және қызығушылықтары бойынша балаларды біріктіру мақсатында жаз мезгілінде «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер үйымының қызметін жандандырысын;

7) балалардың сауықтыру демалысы, бос уақыты және жұмыспен қамтылуы бойынша өткізілетін шаралардың бұқаралық ақпарат қуралдарында жариялануын қамтамасыз етсін.

2. «Қарағанды қаласының ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемесі (Жиенбаев Д.С.):

1) балалардың сауықтыру демалысын, бос уақытын және жұмыспен қамтылуын өткізуге жастар үйымдарының қатысуына ықпал жасасын;

2) жаз мезгілінде тәртібі қыын жасөспірімдерді «Жасыл ел» жастар еңбек жасақтарына тартуды қамтамасыз етсін.

3. «Қарағанды қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесі (Б.С. Нұртаева) мекемеге қарасты үйымдарда балалар мен жасөспірімдерге арналған мәдени шаралар үйымдастырысын.

4. «Шахтер» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны (В.Н. Мазитов):

1) аула клубтарында балалар мен жасөспірімдердің жазғы демалысын және бос уақытын өткізуді үйымдастырысын;

2) «Локомотив» спорт кешенінде балалар мен жасөспірімдерге арналған спорттық лагерьдің ашылуын үйымдастырысын.

5. Кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі аудандық комиссиялар (Т.Н. Шатохина, М.М. Кожухов) жаз мезгілінде кәмелетке толмағандар арасында бақылаусыз қалуды, құқық бұзушылықтар мен қылмыстардың алдын алу жөнінде қажетті шараларды қабылдасын.

6. Қарағанды қаласы аудандарының қоғамдық денсаулық сактау басқармасының басшыл..ры (С.А. Қыргызалин, Н.М. Аймағанбетов, келісім бойынша) балаларды сауықтыру үйымдарының обьектілері мен балаларды сауықтыру үйымдарында тамақтандырудың үйымдастырылуына санитарлық-эпидемиологиялық қадағалауды қамтамасыз етсін.

7. Жазғы каникул кезінде балалардың өмірі мен денсаулығы қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жағдай жасау үшін:

1) Қарағанды қаласының төтенше жағдайлар жөніндегі басқармасы (Н.С.Бекбосынов, келісім бойынша) балаларды сауықтыру үйымдарының өртке қарсы қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдасын, балаларды сауықтыру демалысы обьектілерінің өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде іс-шаралар өткізуді үйымдастырысын, сонымен катар су қоймаларында балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етсін және алдын-алу іс-шараларын жүргізсін;